Атам қазақ «*Өмір бар жерде өлім бар*», «*Өзекті жанға бір өлім*», «*Тумақ болған соң, өлмек парыз*», «*Пенде болған соң өлімнің дәмін бір татады*» деп, қазаның қайғысына сабырмен қарап, салмақты қабылдаған ғой [1.22].

Айналайын, еркек кіндік болып туған соң, «*қанша асырасаң да қасқырдың бөлтірігі орманға қарап ұлайды*» деген осы. Найман екені шындық қой енді. Сол суретінді мына менің төсегімнің басына қыстыр, албан – мына менмін, - деп күлді [1.24].

Өз әулеттен бөліп, мыңдаған шақырымға алып кетсем де, Сұңқарды жазда атасына жіберетінмін. «*Атаңа не істесең алдыңа сол келеді*» дегенді жадымнан шығармай, үлкен кісіні ренжітіп, немересінен бөлгім келмеді [1.41].

Осындайда апамның : «*Арбаның алдыңғы доңғалағы қайда жүрсе, соңғы доңғалағы солай жүреді*» дегені есіме түсіп, «егіздер мінез шығарса не болдық?» деп, зәрем ұшады [1.42].

Ауылдағы ата мен әже тәрбиесі, «*ұлың өссе ұлы жақсымен, қызың өссе қызы жақсымен көрші бол*» дейтін ұлттық тәрбие бұл күні қалалы жерге жүрмейтініне көзім жетті [1.42].

«*Кірпі баласын жұмсағым дейді, қарға баласын әппағым дейді*» дегендей, әрқайсымыз өз перзентімізді жақсы көріп, тым аялап кетеміз [1.44].

Бабаларымыз: «*Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде*» демеп пе еді?! [1.47]

«*Қатыны билеген үйдің ұлдары ынжық, қыздары көкбет болады*» деп, жеңгем екеумізді шошытатын [1.48].

«*Жүрісі жаман жігітті ел ішінде жау алар*» деп, әкем мақалдап отырушы еді, сол айтқандай, «ұрлықпен ұсталып қалыпты, бандит болып кетіпті, рәкеттерге қосылыпты

дегендердің өздерінің жүрісі жаман, ата – анасы, жақындары неге тәйт демейді» деп ойлайтынмын [1.50].

«*Ауруын жасырған өледі*» деген осы, жалған намыс жеңіп, Мәлске де айтпап едім [1.61].

*Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын* деген [1.64].

«*Ат баспаймын деген жерін үш басады*» дегендей, Сұңқар екеуіміз Семейге бірге бармақ болып, тамыздың ортасында жолға шықтық [1.87].

«*Тәуекел ет те, тас жұт*» дегендей, Сұңқар осындай керемет оқу орнында оқыса несі бар? [1.96].

«*Адамның басы – тағдырдың добы*» демей ме, өмір болған соң, адамдар бір – бірінен көз жазып қалып жатады екен, бүгін қызыммен қауышып, сондай бақытты күй кешудемін [1.97].

*Балалы үй базар* деген. Мектеп пен сыныпта болған бар жаңалықты таласа жеткізіп, «Алтын күз» мерекесіне дайындықтарының барысын, жаттаған тақпақтарын тақылдап айтып шықты [1.103].

«Осының бәріне сенің демеуіңмен жетіп келем. *Жақсы әйел жаман еркектің басын төрге сүйрейді, жаман әйел көрге сүйрейді*» деп, кейде маған алғысын жаудыратыны тағы бар [1.106].

Бірінші қабатта отыратын басшыға да «*аш бәледен, қаш бәле*» деп жолай бермеуші едім, бір жұмыспен шақыртып қалған [1.116].

Қорытындылай келе, қаламгер шығармаларында көптеген фразеологизмдер мен мақал – мәтелдерді кірістіре отырып, кейіпкерлердің айтпақ ойын, көңіл – күйін дәл жеткізе білді. Автор фразеологиялық тіркестерді қолдана отырып, шығарма тілінің көркемдігін, ерекшелігін аша түскен десем қателеспеймін.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Досжан Сәуле Үзілмеген үміт. «Қасірет пен Тағдыр» романының екінші кітабы/ С. Досжан. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 346 б.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы : ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.
3. <https://online.pubhtml5.com/uvlm/hjuu/#p>

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРС РЕТІНДЕ

*Қажым Г. Қ., 4 курс, журналистика, ЭЖҚИ, Ахмет Байтұрынұлы атындағы ҚӨУ, Қостанай қаласы*

*Шаяхмет А. Қ. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

*Қолданушылар саны артқан сайын әлеуметтік желінің қызметі көбейіп, түрлі мақсатта пайдаланылып жүр. Бүгінде ақпарат ағыны адамның алған тынысынан да көп болған кезде саналы адам өзіне керегін алып, іске асыра алады. Керексізін ысыра біледі. Алған ақпаратты оқырман оқып қана қоймай, дәлділігіне көз жеткізіп, керек жерін түртіп алады.*

Адам шыр етіп дүниеге келгеннен бастап ананың әлдилеген үнінен, әкенің өбектегенінен ана мен әкенің бар екендігі туралы ақпарат алады. Кейін адамның жолды, мамандықты таңдауы оған жеткен ақпараттарға байланысты орын алатын процес. Технологияның қарыштап дамыған кезінде адам өміріндегі ақпараттың алар орны мен маңызы орасан зор. Ал, ғаламдық өркендеудің қазіргі сатысында әлеуметтік желі көш бастап тұр. Әр жүрген қадамың мен басқан адымың желімен тікелей байланыста. Қазақтың көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсариннің «Айшылық алыс жерлерден, Көзіңді ашып жұмғанша, Жылдам хабар алғызды»,- деп келетін жолдарын оқып, еріксіз таңқаласың. Осы өлеңді тура қазіргі технологияның мүмкіндігіне тамсанып жазғандай көрінеді.

Бүгінде уақытының тең жартысын әлеуметтік желіге арнайтындардың саны артып келеді. Сонымен қатар, пайдаланушылардың артуына байланысты желілер саны да жыл санап көбеюде. Қосымшалар бүгінде түрлі мақсатта қолданылып жүр. Бұрынғыдай шағын деңгейде емес, аясы кеңейген, толыққан дәрежеде ілгерілеген. Олардың санатына жарнама, бизнес, жұлдыздардың өмірін бақылау, мотиваторлар блогы, тағы да басқа тың серпінді дүниелер жатады. Біреуі өз өмірімен бөліссе, біреуі өз білгенін көрсетеді. Енді біреуі бизнесін желі арқылы дамытып, өнімдерін халыққа ұсынады. Қазір еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін гаджеттер мен ғаламторды қолданып жүр. Бірақ оның жағымды жақтарымен қатар, жаман жағы қосарлана бірге жүреді. Ол тәуелділік. Екіншіден, алаяқтардың құрбаны болу да мүмкін. Тағы бір кемшілігі – ақпаратты сүзгіден өткізе алмайды. Қазір жаңалық тарату үшін ұзақ уақыт қажет емес. Таралатын ақпарат ешкіммен ақылдаспай, цензураға ілікпей жарияланып жатыр. Соған сай ақпарат берушінің танымал тұлға болуы да шарт емес. Қатардағы қарапайым немесе ортаңғы тап өкілдерінің өзі белгілі бір ақпаратты бөлісудің нәтижесінде өзіндік істері мен қолында бар дүниені көрсете алады.

XXI ғасыр – жаһандану дәуірі. Өткеннің ескерген, жаңашылдыққа бет бұрған дәуірдің басталған шағы. Мұнда басты ерекшелік ақпараттық технологиялар мен жаңалықтардың қарқынды дамуы болып саналады. Қолданушылар саны көбейіп, гаджеттердің адам өмірінен орын алуы – бұқаралық ақпарат құралдарының да ғаламторда өз парақшаларын ашуға әкеліп отыр. Яғни, электронды ақпарат құралдарының саны күннен-күнге өсуде. Өскеннің деңгейін күнделікті өмірден байқауға болады. Қазір қандай да бір іс-шара, жиналыс немесе өзге де лауазымды тұлғалармен бас қосатын жиындардың өзі әлеуметтік желінің тікелей көмегімен өтеді. Үкімет мүшелері, көптеген лауазымды тұлғалар интернетте өз парақшаларын ашып, сол арқылы өздерінің қызметіне байланысты ақпарат беріп отырады. Өзінің өткізетін жиналысын немесе алдыға қойған жоспарын, елмен тығыз байланыста екенін солайша көрсетеді. Ақпаратты алу, бөлісу, тарату, жарнама жасау, қоғамдық пікір қалыптастыру немесе пікірталас жүргізілетін кездерде үстемдік құрады. Қазірдің өзінде ғаламтор түрлі мақсаттағы ақпараттарды қоғамға тез жеткізудің тиімді жолы. Бірақ осы жерде бөліп-жарып, ара-жігін ажырататын тұсы бар. Ол пайдалы немесе арандату мақсаттағы ақпараттар легі. Бір жағынан алып қарасақ, желілердегі ақпараттар қате болуы ғажап емес. Яғни, бұрмалануы да мүмкін. Кейбір жағдайларда адамдарды шағыстыру немесе орынсыз пікір қалыптастыруға алып

келеді. Салдарының бір емес, бірнеше тарапқа зияндылық тиіп, арты өкінішке де ұласып жатады. Көп адам ресми бұқаралық ақпараттарын, телеарналар мен радионы біржақты деп есептейді. Ал, олардың ойынша барлық шынайы ақпараттар әлеуметтік желілерде жарияланады. Бірақ, бұның 100 пайызға қате екені бәрімізге белгілі. Ғаламторда көпшіліктің назарын аудару үшін сенсациялық, немесе дезинформация, яғни жалған жаңалықтар тарап та жатыр. Адамды тағы бір арбаудың әдісі десек болады ол – дүркіреп тұрған тақырып. Яғни тұрғындардың көңілін бұрып, назарын белгілі бағытқа ойыстыру үшін әртүрлі тақырып қойылады. Бірақ ішінде жаңалықтардың бәрі күнделікті жаңалықтар болуы әбден мүмкін.

Ал, арандатушы жаңалықтар қара пиар үшін әдейі жарияланады. Әрине, тез теріске шығуы мүмкін. Бірақ аз уақыттың ішінде қоғамдық талқылауға түсіп, көптеген қаралым жинап, қоғамдық дүрбелең тудырса онда оның мақсатының орындалғаны. Мысалға, бәріне белгілі коронавирус кезіндегі ақпараттар. «Коронавирус қолдан жасалған», «Вакцинаны салдырған адамдарда жанама әсерлер болады» немесе «Вакцина адамды ұрпақсыз қалдырады». Бұл ақпараттарды кім таратқаны белгісіз, бірақ бұл жалған ақпарат. Себебі, денсаулық сақтау министрлігі бірден теріске шығарды. Дегенмен жалған ақпаратты таратушы өз мақсатына жетіп, миссиясын орындады. Неге? Сол фейк мәліметтерге арқа сүйеген қаншама адам екпе салдырудан бас тартты. Солайша өмірімен қоштасты. Әрі қандай пайдасы мен зияны, коронавирусты қолдан жасалған деп ойлады. Өзі немесе жақыны ауырғанда ғана көздері жетті. Бірақ ол жаңалықтарды әр адамнан естідік. Жалған жаңалық десе де сенбегендер болды. Сол сияқты, дезинформациялар адамның өмірінде көптеп кездеседі. Тіпті естіген 4 жаңалықтың 1-і болсын жалған болуы мүмкін. Сондықтан, бүгінгі күні мемлекеттік органдардың әлеуметтік желіде ресми парақшалары бар. Соларға жүгіну арқылы керекті ақпараттың шынайы немесе өтірік екенін білуге болады.

Ресми парақшалардағы ақпараттарға сену керек. Одан бөлек фактчекинг бар. Яғни ол ақпаратты тексеру үрдісі. Фактчекинг арқылы ақпараттың растығын үйренуге болады. Ол үшін әрбір кішкентай нәрсеге дейін тексеру қажет. Фактчекинг ұғымы дәстүрлі журналистикадан жаңа медиаға келді. Факт бұл сенімді дәлелдермен расталған оқиға. Әртүрлі адам бір оқиғаға әртүрлі көзқараспен қарауы мүмкін. Бірақ сіз фактілермен дауласпайсыз. Сондықтан факт жай ғана анықталып қана қоймай, тексеріліп шынайы ақпарат жарияланады. Сондықтан фактілерді бұрмалау объективтілік пен дәлдікке қарсы қылмыс болып саналады. Фактчекердің негізгі қаруы – күмән. Кәсіби сенімсіздік, шындықты беріктікке тексеру. Мұнда фактчекингтің логикасы мен құралдары көбінесе ғылыми жұмыс әдістемелері мен технологияларымен сәйкес келеді. Әртүрлі ақпарат көздерінен алынған ақпаратты тексеру, сарапшылар мен тақырыптағы адамдардың пікірлерін алу ешқашан артық етпейді. Келесі қажетті дағды – фейктерді тануды үйрену. Бұл бір қарағанда оңай көрінбеуі мүмкін. Фейк бұқаралық санаға еніп, жалған шындыққа айналады. Сондықтан, аталған адамдардың есімдерін, кәсіптері мен күндерін, атауларын, мекен-жайларды тексеру өте маңызды. Бірақ дереккөзді түсініктемеден ажырату керек, соның ішінде оқырмандардың ақпараттың сенімділігінің тағы бір дәлелі – сілтемелердің болуы. Ол басқа бұқаралық ақпарат құралдарына немесе мемлекеттік органдар парақшаларындағы жаңалық болуы мүмкін. Нақты ақпараттың қайдан алынғаны, кімнен келгені, дәлдігі мен анықтығы сипатталады. Бәріне белгілі ақпарат көздері, яғни, статистикаға мән беретін, түбіне дейін зерттеп, шынайы ақпаратпен бөлісетін парақшалардағы жаңалықтарға сенімділік басқаларға қарағанда жоғары болады. Интернет кез келген мәселе бойынша өз пікірін білдіру, айту және жариялау үшін қолжетімді мүмкіндіктердің бірі. Бұл қолда бар ақпаратпен бөліскісі келетін адамдарды тартады. Ұтымдырақ айтқанда ақпарат пен керекті мәліметтерді алудың, табудың, жариялаудың тиімді жолы. Осы ұста санада ұстайтын өте үлкен мәселе бар. Олар ақпаратты жариялайтын немесе өзгеге тарататын кезде оны зерделеу, зерттеу. Егер ондай жағдай болмаған күнде оған арнайы заң бар. Тіпті әкімшілік айыппұлдан бөлек, одан да жоғары заңды бап бойынша айып тағылу ықтимал. Еліміздегі кейбір журналистер соңғы уақытта ақпаратты бірден жариялап, сенсация жасаймын деп олайлық жібереді. Нәтижесінде тек өздері ғана оқып жемей, өзгелерге де зияндылық танытады.

Белгілі бір ақпаратты журналист жариялайды. Оның аудиториясы оған сенеді, ақпаратты сүзгіден өткізбестен өзгемен бөліседі. Таралудың кеңдігінің арқасында аудиторияның массалық үлесі бірнеше есеге артады. Бірақ түптің-түбінде ол мәліметтердің барлығы жалған. Тоқетерін айтқанда ешқандайда шынайылық жоқ екені анық болады. Бұл қоғамның журналистке деген сенімін жоғатады. Сондықтан әрбір жарияланатын ақпарат бірінші кезекте шын яки жалғандығын ажыратып алған жөн. Әлеуметтік адам баласына тигізері пайдасы, сан соқтырар зардабы туралы да қаншама рет айтылды. Бұрындары смартфонды қолынан тастамайтын буынның алғашқы легі түрлі апаттық жағдайға ұшырап, жаратқан алды. Қазір ондай жәйттар болмайды емес, болады, алайда, жиі емес. Бұл қуанарлық тұсы. Дегенмен адам психологиясына беретін психологиялық зақым, кері әсер жағы орасан. Кейбір мессенджерлерде түрлі бейнекөріністер немесе адамға кері жағынан ықпал ететін бейнероликтер шығады. Оны адам оқып, танысып әуре болмайды. Бар болғаны бірнеше секунд арнап тамашаласа жеткілікті. Соның өзі санасын зақымдауға жетіп жатыр. Бір адамның болмашы бір әрекетті көрсетуі немесе болымсыз сөздермен адамға әсер беруі зияндылыққа соғады. Әсіресе, ол жастардың қолданатын бағдарламаларының тізбегіне жатады. Жалпы сөздің соңын түйіндеп айтарымыз әлеуметтік желінің көмегімен жарияланатын ақпараттар тізбегі әр түрлі. Басты есепке алынатын нәрсе қолданылу аясы. Пайдаланушы жақсы мақсатта қолданып, игі істерге қарай бейімдесе әлеуметтік желінің ұтымды тұсы шаш-етектен. Керісінше кері, жағымсыз бағытта қолданылса соқтыратын зардабы мен шығыны орасан.

Қазір әлемдік медиа бақылаудың басты күн тәртібіне қойып отырған жоспарларының бірі алдыңғы қатарлы болу. Бәсекелестікке бейімділікті арттырып, ақпаратты бірінші болып таратуға оқырман, көрермендерге алғашқы хабар тарату. Бұл ретте еліміздегі көптеген сайттың жұмысы қалыс қалған емес. Олай деуге оқиға орнынан жедел таратылатын хабарлар себеп. Қазір қандай оқиға орын алсын міндетті түрде ақпарат лезде, нақтылық пен кәсібиліктің көрініс табу нәтижесінде бірден мен-мұндалайды. Сонымен қатар ол ғаламторлық жүйенің кеңінен орын алуының ашық көрінісі. Бүгінгі таңда дәстүрлі журналистика аяқ тартып, артта қалып бара жатқаны сөзсіз. Газет оқитын, оны парақтайтын буынның жоқ екені белгілі. Басқа салалар туралы да айтылар сөз сол маңайда. Электронды БАҚ-тың осы тұста орайлы кезеңі жылдамдық пен ұтқырлық.

Қорытындылай келе, минут, тіпті секунд сайын таралатын ақпараттың дәлділігін әрбір азамат тексеру қажет. Қадам басқан сайын толған мәліметтер мен жаңалықтардың шыны мен өтірігін айыра алмайтын кезге де жеттік. Ең біріншіден тұлға медиа жағынан сауатты болғаны керек. Сол кезде ғана ақ пен қараны ажырату оңайырақ болады. Техниканың заманы, ондағы айтылатын тек қана шындық деген ойдан аулақ болған жөн. Әр нәрсенің жақсы жағымен қатар, жаман жағы да қатар жүреді. Әрбір жарияланған ақпарат адамның ойын қалыптастыруда үлкен рөл ойнайтынын атап өткен жөн. Яғни, сіз ақпаратпен бөлісу арқылы адамдардың ойына тікелей әсер етесіз. Әлеуметтік желіде таралатын ақпараттарды қазіргі күні дұрыс болмаған жағдайда жоққа шығарғанымен, ешқандайда заң тұрғысынан жазаланбайды. Сол себепті, адамдар не дұрысын, не бұрысын білмей жаңалық таратуда. Сондықтан, алдағы уақыттағы жазатын жазбаарға немқұрайлы қарамаған жөн. Барынша шынайылығын тексеріп, кейіннен ғана жариялаған дұрыс. Себебі, сол ақпарат бір мекеменің не болмаса бір адамның өмірімен байланысты болу мүмкін. Біреудің обалына қалудан бұрын, жоғарыда айтылған мәліметтерді пайдаланып немесе қосымшаларды қолдануға болады. Бұл сіздің медиасауаттылығыңызды көтеруде үлкен септігін тигізеді. Әрі басқа адамдарға қарағанда біліміңізді дәлелдеуде, ақылды болуға жағдай жасайды. Өйткені, көп білетін, шынайы адал адам басқалардың арасынан әрдайым ерекшеленіп, көзге түсіп тұрады.



### Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Социальные сети как элемент: статья/ <https://scientificreview.ru/ru/article/view?id=77>
2. Медиаобразование. достоверность информации: статья/ <https://cyberleninka.ru/article/n/mediaobrazovanie-dostovernost-informatsii-v-internete>
3. Достоверная информация в интернете: видеоучебник/ <https://videouroki.net/video/03-dostovernost-informacii-v-internete-224.html>
4. Социальные сети как информационный ресурс: статья/ <https://vc.ru/u/528817-margarita-tomazova/133677-socialnye-seti-kak-informacionnyy-resurs>
5. Достоверность информации в интернете: <https://podbor-poisk.ru/kompyutery-i-tsifrovaya-tehnika/dostovernost-informatsii-v-internete>
6. Достоверность информации в социальных сетях: статья/ <https://cyberleninka.ru/article/n/dostovernost-informatsii-v-sotsialnyh-setyah-i-kriterii-ee-verifikatsii-na-primere-vkontakte>
7. Доверяй, но проверяй: как определять достоверность информации: статья/ <https://barnaul.press/news/doveryay-no-proveryay-kak-opredelit-dostovernost-informatsii-v-internete.html>

**БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУДІҢ  
ТІЛІ МЕН СТИЛІ**

*Құрақ Гүлбарам Айбарқызы, Х.Досмұхамбетов атындағы Атырау университеті,  
Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, Журналистика кафедрасының оқытушысы,  
магистр*

*Мемлекет дамып, сөз бостандығы бекінген сайын, халық саны артып, қылмыс белең алған сайын журналистік зерттеудің қажеттілігі де, сұранысы да артатыны анық. Осындай жаңа қоғамның тағы бір қадам басуына, әділдік пен ақиқаттың орнауы мұрындық болатын – журналистік зерттеу.*

*Мақаланың мақсаты – қазіргі қазақтілді бұқаралық ақпарат құралдарындағы журналистік зерттеудің маңыздылығын қарастыру, олардың деңгейін анықтау, қылмыстық істерді әшкерелеудегі журналистік зерттеудің маңыздылығын талдау.*

Ғылыми әдебиеттердегі журналистік зерттеудің ерекшелігіне қатысты кем дегенде үш пікір қалыптасып үлгерген. Біріншісі «журналистік зерттеу журналистік жанр ретінде өмір сүрмейді, өйткені тілшінің әрбір сөзі түптеп келгенде – зерттеу» деген пікір. Екінші пікірді былай тұжырымдауға болады: журналистік зерттеу – арнайы жанр емес, ол – кәсіби пішін. Бұл екі пайымдаудың айқын айырмашылығына қарамастан, оларды журналистік зерттеудің жанрлық ерекшелігін жоққа шығару пікірі біріктіреді. Сайып келгенде, үшінші пікірді журналистік зерттеуді басқалардан ерекшеленетін бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіз жанры деп санайтындар да табылады. Әрбір көзқарасты жақтаушылар түсініктемені қажет ететін дәлелдер келтіреді. Журналистік зерттеу журналистиканың ерекше жанры ма деген сұрақ теориялық және практикалық қызығушылық тудырады және ерекше назар аударуға тұрарлық кейс. Қазір бұқаралық ақпарат құралдарында басымдық танытып отырған жаңалықтар журналистикасы оқырманға дүниенің оқиғалы бейнесін ұсынады. Бұл оқиғаның объективтілігіне ұмтылған журналист болған жайтты немқұрайлы жеткізуші ретінде бере салмайды. Ол, ең алдымен, болған жайтты оқырманға, көрерменге немесе тыңдаушыға хабарлайтын керекті фактілерді таңдайды. Бұл ойластырылған процесс, оны жүзеге асыруда оқырмандар сұранысы мен басылымның бағыты, тілшінің жеке қасиеттері ескеріледі. Журналистік зерттеудің мәні – қоғамның назарын аударған оқиғалар, құбылыстар, сыбайлас жемқорлық жағдайлары, қоғамнан жасырын жасалған саяси, экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық қылмыстар болып саналады. Журналистік зерттеудің мақсаты – жасырын, құпия мәліметтерді ашу, қылмысты шүбәсіз дәлелдерді ұсыну арқылы әшкерелеу.

Журналистиканың маңыздылығын, қоғамдағы орнын, халыққа қажет мамандық екенін ұқтыратын бірден бір сала – журналистік зерттеу. Ол қоғамға қалай келді? Қашан келді? Шығармашылық қызметтің бір түрі ретінде журналистік зерттеудің алғашқы баспалдағын ХХ ғасырда қалаған АҚШ болды. Оларды «макрейкерлер» деп атаған. Мемлекеттің аппаратын қатты сынға алған журналистік зерттеу жасаушыларға ашуланған АҚШ Президенті Т. Рузвельт 1906 жылы оларды «muckrakers» яғни «лас өсекке құмартушылар», «өкше сығалаушылар» деп атап, балағаттаған екен. Алғашында әшкерелеу сипатындағы газет-журналдарға мақалалар, кітаптар жазатын жазушылар, журналистер, публицистер, социологтар тобынан тұрды. Аталмыш топ Америка қоғамын сынайтын материалдар дайындаумен айналысты. Оның ішінде жанжалды коррупция, пара алу, мұнай, көмір тағы басқа пайдалы қазбалар айналасындағы ірі махинацияларды, тірі жан иелерінің саудасымен айналысқан қаскөйлердің қылмысын әшкерелейтін дүниелерді жазумен айналысқан. Мұндай мақалалар жазған топ өкілерді, өз қызметінің қоғамдық әділеттілікті орнататына, зұлымдықты түбегейлі жоятынына сенімді болды [1,224-б].

Қазақтілді журналистика тарихында журналистік зерттеу әдісінің кейбір үлгілері сонау ерте замандағы көркем шығармалардың өн бойынан көрініс тауып отырды. Журналистика жанрларының тарихына шолу жасап, талдамалы жанрларды зерттеген профессор К.Қамзин алғашқы журналистік зерттеу жұмыстарының элементтерін батырлар жырларынан, «Мың бір түн» хикаясынан кездестіруге болады деген пікір айтады. Мысалы, «Мың бір түн» жырында мындай оқиға айтылады. «Судагерше киініп алып, түнде өлең айтып, қораны басына көтеріп жатқандардың кім екенін білгісі келіп түнде аралап жүру Нарон-Рашидтің ежелгі әдеті». Міне журналистік зерттеу жүргізу барысында, ақпаратты жинаудың, деректерді іздеудің осындай әдістері осы салада да жиі кездесіп жатады. Осыған ұқсас, батырлар жырынан тағы бір мысал келтірсек, «Алпамыс батыр» жырындағы Алпамыстың диуана кейпіне айналып, Ұлтанды сынауы, оған ештеңе бергісі келмеген патшаның елден қуып жіберуді сұрағаны. Дәл осындай сюжет «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» лиро-эпостық жырындағы Қозының диуана кейпінде Баянға баруы, ал жырдың кейбір нұсқаларда Қозы Баянға жұпыны киіммен барып, жылқы бағуға жалданған екен. Міне, осындай деректердің бәрі журналистік зерттеудің ежелгі публицистикада аналогтық элементтері бар екендігін дәлелдейді. Нақтырақ айтсақ, бұл тәсіл – мақсаты үшін басқа кейіпке ену, есімін, кәсібін өзгерту. Сондықтан да журналистік зерттеу әдісі біздің қазақ қоғамына, қазақтілді БАҚ-тар да тосын құбылыс деп айта алмаймыз.

Журналистік зерттеудің қазақ тарихындағы озық үлгілерін қазақтан шыққан тұңғыш ағартушы Шоқан Уәлихановтың жазбаларынан көрсек болады. Бұл тұрғыдан келгенде, біздің қазақ халқының журналистік зерттеулерінің негізін қазақ зиялыларының тарихи деректерге құрылған құнды шығармаларынан іздегеніміз жөн. Жеті жұрттың тілін меңгерген, сегіз қырлы бір сырлы, өнер мен білімді қос қанатындай көріп, өркениетке қол созатын ұрпақ тәрбиелеуді міндеті көрген, зиялы қазақ әулетінің талантты тарланы, ғұлама Шоқан Уәлихановтың «Қырғыздар туралы жазбалар» атты шығармалар жинағын тілге тиек етпей кетуге болмас. Шоқанның танымал туындыларын, ғалымдар, жолсапар очерктеріне жатқызып жүр. Әрине оған теріс пікір айта алмаймыз. Алайда жол үстінде жүріп-ақ, түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін зерттеп, қағаз бетіне түсіру – журналистік зерттеу болмағанда немене?

Оған мынадай бірнеше дәлелдемелер келтірсек болады. «Қырғыздар туралы жазбалар» еңбегінде қазақ елінің тілі, діні, мәдениет қалыптасқан рәсімдері туралы статистикалық деректермен қоса нақты құжаттық мәліметтерге жүгініп, көптеген құнды материалдар жинақтаған. Тағы еске сала кетейін, журналистік зерттеудің негізі – фактілер, расми құжаттарға негізделген деректер, статистикалық мәліметтер.

Қазақтілді БАҚ-та журналистік зерттеудің озық үлгілерін кездестіру, әрине, ну орманнан ине іздеумен тең. Алайда, еркіндік дәмін татып, халықтың сауаты артқан сайын, бұқаралық ақпарат құралдарында да демократия дамып келеді. Мысалы, «Айқын» газетінің №81 шығарылымында Гүлзина Бектас есімді журналистің «Балалар үйіндегі былық» атты журналистің зерттеуі жарыққа шыққан болатын. Қазіргі қоғам балалар үйінде, балабақшаларда орын алатын қылмыс саны көбеймесе азаяр емес. Осындай заңсыз әрекеттердің бірі – Аягөз қаласындағы психоневрологиялық патологиясы бар балаларға әлеуметтік жағдай жасау интернатындағы 4 баланың өлімі. Журналист өз зерттеуінде бұл қылмыстың артында кім отыр және оған қандай жаза тағайындалуы керек, басқа облыстағы ахуалдар қандай? Міне осындай сұрақтардың төңірегінде ақпарат жинап ұсынған[3]. Журналистік зерттеу жұмысын дайындау үшін шетелдік ғалымдардың айтуынша, журналистік зерттеу материалдарының тақырыптары төмендегі үш негізгі факторды өз бойында сақтайтындығымен ерекленеді. Олар:

- ✓ Оқырман, көреремен немесе тыңдарманның қажеттіліктеріне сай болу қажет;
- ✓ Қоғамдық маңызға ие, тұтынушының психологиялық қабілетіне ықпал ететіндей қасиетінің болуы шарт;
- ✓ Журналистің ұсынып отырған материалы жеке тұлғаның немесе мекеменің халыққа маңызды ақпаратын жасырған құпия деректі әшкерелеген болғаны абзал[4,56-б].

Жоғарыда аталған факторлардың қайбірі болмаса, ол ақпарат журналистік зерттеуге өзек бола алмайды. Жоғарыда аталған факторлар ескерілгенде ғана журналист өз мақсатына жетті, миссиясын орындады дейді батыстық мамандар. Өйткені бұл факторлар журналистік зерттеудің толық ашылуына ықпал етеді. Ендеше, Гүлзина Бектастың зерттеуін осы үш фактор негізінде сараптап көрейік:

Біріншіден, оқырманға қажетті. Қай адамға болмасын баласының тағдырын, қызығушылығынан, өмірінен хабардар болу қажеттілікті туғызады.

Екіншіден, қоғамдық маңызға ие. Бала – елдің болашағы, әр отбасының бақыты. Сондықтан бұндай тақырып – өзекті.

Үшіншіден, құпия деректі әшкерелеген. Төрт қабырғада болған оқиға әрқашан құпия. Әсіресе, былық-шылығын жасырғысы келген ұйым қызметкерлері жасырын жасаған қылмысы міндетті түрде әшкереленуі тиіс.

Аталмыш журналистік зерттеудің нәтижесіне журналист өзі жетті деп айта алмаймыз. Өйткен, бұл зерттеу материалы қылмыс ашылғаннан кейін жүргізілген журналистік зерттеу деп айтар едім.

Жемқорлыққа қатысты қылмыстардың шешілуі ел үшін маңызды екенін жоғарыда айтып өткен болатын. осындай қылмыстардың бетін ашқын тағы бір зерттеу жұмысы – «Айқын» газетінде жарияланған Бауыржан Базардың «Жемқорлық жайлаған мемлекеттік органдар» атты журналистік зерттеуі. Автор келтірген деректерге назар аударсақ, жемқорлық қылмысы мемлекеттің Ішкі істер министрлігінде ең көп тіркелген екен. Содан кейін, Экология, Ауыл шаруашылығы, Қаржы, Индустрия министрліктері орналасқан екен. Ал жергілікті атқарушы органдар арасында сыбайлас жемқорлық пен пара алу актісі бойынша ШҚО, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан және Павлодар облыстары алдыңғы қатарда болып шықты. Журналист өз зерттеуінде бірнеше статистикалық мәліметтер келтірген. Аталған деректердің барлығы мемлекет экономикасының шаңырағын ортасына түсіргенін дәлелдегендей болды. Тіпті, соңғы 20 жыл ішінді Қазақстан территориясынан 123 млрд АҚШ доллары шығарылған деген деректі де келтіріп өтеді. Автор зерттеуінің нәтижесінде 2020 жылғы I тоқсанындағы көрсеткіш бойынша аталмыш қылмыстың негізгі субъектілері ІІМ-ның қызметкерлері екенін дәлелдеген[5].

Телевизиядағы журналистік зерттеу мәтіні мен мазмұны өзіне сай тілмен, арнайы талаптарға келтіріліп дайындалуы керек. Сол себепті зерттеу жұмысы бұқара халықтың қабылдауына жеңіл, барынша түсінікті болғаны дұрыс. Баспа журналисі үшін оқырманның ойына өзі сол жерде болғандай әсер ету керек, яғни автордың сөзі – оқырманның елестетуі. Ал телевизия саласында керісінше, көрнекті құралдар пайдалануға мүмкінді бар. Оған суреттер, бейнероликтер, фон, журналист өзі экранға шығып сөйлеу немесе кейіпкерлерді шығарады. Сондықтан, телевизиядағы журналистік зерттеудің сәтті шығуына ең маңызды себепкер болатын – монтаждың дұрыс жасалуы, сурет, инфографика, диаграммалардың мазмұндық жағынан сәйкес келуі, синхронды кірістіру, кадр сыртынан мәтін беру, фондық дыбыс (интершум), оқиға орнынан тілшінің stand up беруі.

Телевизия саласында өз көрермендерінің көз алдына елесте алу немесе оқиғадан жоғары деңгейде әсер алуы жоғарыда аталып өткен талаптар орындалып, көрініс тапқан кезде ғана жүзеге асатынын есте сақтау керек. Қысқаша айтса, менің көргенім басқа, оның естігені, түсінгені мүлдем бөлек болса, зерттеу жұмысыңыздың еш нәтиже бермегені. Мысал ретінде айтсақ, сыбайлас жемқорлықтың себебінен жоғарғы шенді тұлғаның қылмысын әшкерелеу керек болды делік. Сіз бұл оқиғаны кадр сыртындағы мәтін арқылы жеткізуіңіз керек. Осыны жеткізу үшін және телевизиялық тілмен беру үшін мынадай әдістерді қолданған дұрыс:

1- нұсқа: Сіз кадр сыртынан мәтін оқып жатқаныңызды, оқиға орнынан жедел түсірілімді көрермен тамашалады. Сіз ұсынған құжаттардың бәрін көрді. Көрерменге ол өте қызықты болды.

2- нұсқа: Тұтқындалған жоғарғы шенді азаматтың керемет, кең сарайдай, зәулім үйде тұратыны көрсетіледі. Сіз берген мәтініңізді естіген бойда, көрермен, осы бейнематериалдың қайдан келгеніне ой шолып кетуі әбден мүмкін, тіпті қызғаныш сезімі де оянуы мүмкін.

3- нұсқа: Сіздің зерттеу материалыңыздағы кейіпкер сырқат жұбайының жастығын жөндеп, үшем балаларына арнап ботқа дайындап жатыр. Қызының сабағына көмектесіп, үй жұмысын бірге жасап, ұлының есептерін шығаруға көмектесіп отыр. Теледидардан бұны көріп отырған көрермен, осындай көріністен кейін аяныш сезімі оянып, тіпті, шенеуніктің өміріне мүсіркеп те қарауы мүмкін. Мұнымен не айтқым келді? Өз зерттеу жұмысыңызды қалай, қандай бағытта, нені алдыға тартып берсеңіз, көрермен де оны тура солай қабылдайды.

Осындай қоғамда орын алған өзекті мәселелер туралы журналистік зерттеуді «Хабар» арнасындағы «Біздің назарда» бағдарламасынан көруге болады. Журналистік зерттеудің негізі мақсаты қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, оның пайда болу себебі мен құпияларын ашу деп жоғары да бірнеше рет айтылған болатын. Осындай белең алған проблемалардың бірі – жасөспірімдер арасындағы суицид. «Біздің назарда» бағдарламасында осы тақырып аясында журналистік зерттеу эфирге шықты. Өз-өзіне қол жұмсау, ешкімге керексізбін деп санау – қоғамдық дерт екен. Материал барысында жасөспірімдер арасында өз өміріне балта шабу, өмірін қию актісінің 79%-ы әлеуметтік жағдайы нашар мемлекеттерде жасалады екен. Хабар арнасының журналисі жасөспірімдер арасындағы суицидтің себеп-салдарын саралады. Жедел-жәрдем бөліміне қоңырау шалатындардың көбі артық дозада дәрі тұтынды деген себеппен екен. Ал олардың көпшілігі он екі де бір гүлі ашылмаған қыздар болып шықты[6].

Журналистік зерттеудің ықпалды түрі енді дами бастаған сияқты. Журналистік зерттеуді әлемдегі ең қауыпты салалардың қатарына да қосуға болатын сияқты. Өйткені, қылмысты әшкерелеу, ақиқатты су бетіне шығару – оңай жұмыс емес. Осы жолда қанша журналистер қыршыннан қиылды. Әрине, журналистердің құқығын осындай кезде қорғайтын кодекстер, құжаттар, нормалар мен заңдар баршылық. Алайда, ол қауыптің бетін алуы екіталай. Мен бұл мақаланы жазу барысында көптеген зерттеушілердің еңбектерін, ғалымдарың пікіріне жүгіндім. Сол кезде ұққан басты нәрселерім:

-журналистік зерттеу – үлкен әдіс.

-журналистік зерттеу – саяси-әлеуметтік тұрғыдан салмағы бар маңызды сала.

-журналистік зерттеу – батылдықты, білімділікті, сыни ойдауды, объективтілікті, интеллектуалды, шапшандықты талап ететін сала.

Отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарындағы журналистік зерттеуді салыстыра отырып, көп нәрсенің жетіспейтіндігін, ақпарат алу жолдары, оқырманға, көрерменге ұсыну жолдары, оларды жалықтырып алмау принциптері, сыртқы дизайны, көркемдеуіш құралдарды жетік пайдала алмайтынымызды түсіндім.

Мәселені шешу жолдары:

- Нақты ақпарат көздеріне негізделген материалдарды жинақтау;

- Журналистік зерттеудің қазақтілді БАҚ-тарға сай методологиясын дайындау;

- Зерттеу жүргізу кезінде журналистердің амандығына кепілдік бере алатын нормалар мен құжаттардың бекітілуі.

Қорыта айтқанда журналистік зерттеу қазіргі таңдағы қазақ бұқаралық ақпарат құралдарында ойып тұрып орын алар жанр болып есептеледі. Журналистік зерттеудің арқасында көптеген басқа саланың тісі бата бермейтін, құпияға толы қылмыстардың беті ашылып, қоғамға айтарлықтай үлес қосып жүрген сала. Журналистиканың нақты миссиясын орындайтын, «төртінші билік» атауына лайық ететін сала. Алайда, жанрды зерттеу біздің елімізде шетелге қарағанда бәсеңдеу болып тұр. Осы әлсіздіктің орнын толтырып, кішкене де болса, үлес қосуды жөн көрдік. Әсіресе қазақтілді басылымдардағы аталмыш саланың орны әлі байқалмаса да, кем-кетігін түзеу қажет. Басылымдардағы зерттеулерді оқи отырып, жылдан жылға жанрдың өзектілігі артып келе жатқанын бақылауға болады. Әрбір газеттің өзіндік стилистикасы бұл жанрды да айналып өтпеген, әдеби немесе тарихи басылымдардан тарихи, әдебиет немесе өнер тақырыптарындағы зерттеулерді, әлеуметтік газеттерде қоғамдық, әлеуметтік, саяси тақырыптарды кездестіруге болады. Осы зерттеу жұмысы арқылы, ең қажетті де күрделі жанрдың дамуына үлес қосуға тырыстық.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Уллмен Дж. Журналистские расследования: современные методы и техника / пер. с англ. - М.: Ви-оланта, 1998. – 224 с.
2. Mark Lee Hunter. Story-Based Inquiry: A Manual for Investigative Journalist. UNESCO, 2011. – 9 p
3. Бектас Л. Балалар үйіндегі былық. // Айқын, 06.06.2020
4. David Randall. The Universal Journalist. - Kindle Edition: Pluto Press, 2016. – 56 p
5. Базар Б. Жемқорлық жайлаған мемлекеттік органдар. // Айқын, 25.04.2020
6. <https://khabar.kz/kk/m-ra-at-bizdi-nazarda/item/139058-aleumettik-kyzmetkerler-zhasospirimder-arysyndagy-suitsid-bizdin-nazarda-bizdin-nazarda>

## **БҰҚАРАЛЫҚ САНАДАҒЫ СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА МЕДИАМӘТІННІҢ ӘСЕРІ**

*Макатова К.А., 3 курс студенті, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қостанай қ.*


*Мұханбетжанова Айсұлу Рашитқызы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қостанай қ.*

*Бұқаралық ақпарат құралдары бұқаралық сананың стереотиптерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. БАҚ қоғамдық пікірге тікелей әсер етіп, түрлі құбылыстар мен топтар туралы белгілі бір түсініктер қалыптастырады. Бұған ақпараттың тақырыбын таңдау, жақсы немесе жаман жаңалықты күшейтіп жазу немесе хабарламаларды қайта беру жатады. Бұқаралық ақпарат құралдары стереотиптерді қолданып немесе оларды өзгерте алады. Осы арқылы қоғамдық пікір қалыптасады.*

Бұқаралық ақпарат құралдары(бұдан әрі - БАҚ) бұқаралық санаға әсер етудің негізгі тетіктерінің бірі. БАҚ стереотиптер арқылы көпшілік санаға әсер етіп қоғамды басқару функцияларын атқарады. Стереотип ешқашан бейтарап болмайды. Оң немесе теріс болады. Жалпы стереотип дегеніміз не? Ежелгі грек тілінен аударғанда «стереотип» - «қатты» және «басып шығару» дегенді білдіреді. Бұл сауалға ғылыми тұрғыда жауап берсек, стереотип – бұл белгілі бір іс-әрекеттің, құбылыстың немесе әлеуметтік топтың бейнесін көрсетуге ұстанған қағидасы[1].

Стереотиптер бұқаралық сананың ажырамас бөлігі. Оның бүкіл қоғаммен немесе жеке адамдар тобымен байланыста болуына орай манипуляция жүргізу оңайырақ. Осылайша, БАҚ түрлі оқиғалар мен әлеуметтік шындықтарды жариялауы стереотиптердің пайда болуына әкеледі.

Стереотиптердің түрлері көп. Мысалы, саяси, гендерлік, этникалық стереотиптер. Саяси стереотиптер елдердің басшыларына, қоғам қайраткерлеріне қатысты белгілі бір көзқарасты қалыптастырса, этникалық стереотиптер – этникалық топ мүшелеріне эмоционалды және бағалау қатынасын көрсетіп осы топ өкілдері туралы ақпаратты таратады. Гендерлік стереотиптер – ерлер мен әйелдер әлеуметтік рөлдері жөнінде бізге ақпаратты береді [2].



Кесте 1. Стереотип түрлері

Соңғы он жылда БАҚ-тың қоғамдық санаға айырықша әсер ететінін байқауымыз. Ол бұқаралық санаға ақпараттық –психологиялық тұрғыда әсер етеді. Оған сыни тұрғыда ойламайтын жеке және көпшілік топ өкілдеріне ақпаратты жариялау мен тарату жатады. Бұл тұрғыда БАҚ-та таралған медиамәтін бұқаралық сананы қалыптастыруда негізгі рөл атақарады. Яғни, стереотипті ақпаратты беру арқылы жеке тұлғалардың сыни тұрғыда ойлауын әлсіретеді [3].

Стереотиптер адами құндылықтар, көзқарастарды қорғауға, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді қалыптастыруға көмектеседі. Стереотиптердің пайда болуының әр түрлі теориялары бар. Мәселен, Г.Олпорт жалпы және типтік заттар мен құбылыстарды тануға бағытталған адамның күш-жігерін айтады. Ал Т.Шибутанидің айтуынша, әлеуметтік стереотип – адамдардың топтасуын білдіретін ұғым, бұл адамдардың қасиетіне қатысты кең таралған түсінік. Ресейлік әлеуметтанушы И.С.Кон «Стереотип – біржақты, әр құбылысты жаңаша бағалау, адамдар қасиеттері мен құбылыстар туралы стандартталған пайымдаудан алған пікір», - дейді. Жоғарыдағы мысалдарды қорытындылай келе, әлеуметтік стереотип – бұл түрлі қасиеттерге ие құбылыс екендігін, ақпараттың үлкен ағынын егжей-тегжейлі енбей, сонымен қоса белгілі бір шаблон қалыптастырмайды деп қорытындылай аламыз.

Гендерлік стереотиптер – бұл түрлі оқиғаларды ерлер мен әйелдердің өзін қалай ұстайтыны туралы қалыптасқан идеялар немесе нанымдар. Негізінен, бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік стереотипті теледидардан, түрлі отбасылық сериалдар мен ситкомдардан көре аламыз. Мысалы, табысты кәсіпкер немесе үй шаруасындағы әйел көріністері бар. Олар отбасылық өмірде болсын немесе жұмыста ер адамдардан гөрі айтарлықтай артықшылықтарға ие. Ал ер кейіпкерлердің өз кезегінде ресми билігі бар. Олар әйелдердің көшбасшылық әрекеттерін еріксіз қабылдайды.

Этникалық стереотиптер – бұл топ өкілдеріне деген көпшіліктің көзқарасын көрсетеді. Олардың ұлттық қасиеттері, менталитеті, әр түрлі этнографиялық топ өкілдерінің өмірі, мінез-құлқының ерекше белгілері туралы ақпараттар этникалық стереотиптер мен алалаушылықтың негізгі формасы. Бұқаралық ақпарат құралдарында журналистердің кейбірі этникалық топтың немесе олардың нақты бір кемшілігі туралы теріс пікірлер арқылы халыққа ықпал етуге тырысады. Ксенофобияны журналисттердің өздері және редакцияның ұстанған көзқарастары әдейі тартып қана қоймай, редактордың кәсіби болмауынан туындауы мүмкін. Жергілікті және аймақтық газеттерді түрлі этникалық стереотиптерді табуға болады. Мәселен, олар белгілі бір этникалық топ өкілдерінің сыртқы келбетіне, менталитетіне, сондай-ақ тұратын аймақтарына байланысты болуы мүмкін.

Саяси стереотиптер – саяси кеңістіктегі мемлекеттердің әрекеттері мен бейнелері туралы қалыптасатын үлгі. Мысалы, БАҚ беттерінде біз әскери қақтығыстар не оқиғалар туралы ақпаратты жиі естиміз. Мәселен, ресми ақпарат құралдарында ұзақ уақыт бойы Шешенстанға ірі ресейлік құрылымдардың енгізілгені жасырын болды. Оның орнына кампанияның маңыздылығы төмен ұсақ-түйек әрекеттері туралы ақпарат жарияланды. Осылайша, саяси стереотиптерді қолдана отырып, БАҚ-та мемлекеттік жетістіктерді оқиғаларды көрсетіп әскери қақтығыстардың нақты барысын жасырады. Тағы бір мысал, Оңтүстік Корея елінде президент сайлауы немесе елде дүрбелең оқиға туындаған жағдайда әншілердің(немесе айдолдардың) жеке өміріне қатысты ақпарат барлық әлеуметтік желілерде жарияланады. Бұл халықтың фокусын мемлекеттегі саяси оқиғаларға назар аудармауға көмектеседі.

Бұқаралық ақпарат құралдарында кездесетін тағы бір стереотиптің түрлеріне – конфессиялық немесе діни стереотиптер жатады. Діни стереотип ұғымы өзі қандай да бір конфессия немесе тұтастай дін өкілдеріне қатысты пікірлер немесе бағалауды қамтиды. Діни стереотиптерге қатысты бірнеше кең таралған мысалды айтуға болады. Мәселен, «барлық лаңкестік, терроризм топ өкілдері – мұсылмандар», «барлық иудейлер – ашкөз және қу», «Христиандар 18 жастан кейін шомылу рәсімін» қабылдайды деген сықылды[4].

Этникалық, ұлттық, діни стереотиптер - адамзаттың жаһандық мәселелерін тудырады. Бұқаралық ақпарат құралдары(бұдан әрі БАҚ) бұқаралық санаға әсер етудің негізгі тетіктерінің бірі. Сонымен қоса, БАҚ қоғамдық сананы басқарады. Яғни, БАҚ арқылы бұқаралық санада стереотиптер қалыптасады.

Стереотип табиғаты бойынша бейтарап емес. Ол оң немесе теріс бағалауды көрсетеді. Өмірлік тәжірибиеге сүйенбейді. Сонымен қоса, білім қоры аз адамдар көбінесе «сыни ойламайды,» сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан манипуляцияға жиі ұшырайды.



Саяси стереотиптер елді басқарушы тұлғаларға деген көзқарасты қалыптастырады. Ал этникалық стереотиптер осы топ мүшелеріне деген эмоционалды және баға беру қатынастарын көрсетіп осы топ өкілдері туралы ақпаратпен таныстырады. Гендерлік стереотип түрлері ерлер мен әйелдердің әлеуметтік ролі туралы түсінікті қалыптастырады.

Стереотип не екенін толыққанды түсіну үшін «бұқаралық сана» ұғымына тоқталу қажет. «Бұқаралық сана» ұғымы XIX ғасырдың ортасынын бастап ғылыми әдебиеттерде қолданыла бастады. Ал ғылыми термин ретінде XIX ғасырдың 20-30 жылдарында қолданылды. Бұқаралық сана «кең мағынада» - адамдардың үлкен массалық ойлауын білдірсе, тар мағынада белгілі бір құралдардың, алдымен БАҚ арқылы пайда болатын күнделікті ойды білдіреді.

Бұқаралық сананы қалыптастыруда бұқаралық коммуникация құралдарынан бастап дінге дейін көптеген механизмдер үлкен рөл атқарады. Бұқаралық сананың қалыптасуы мен жұмыс істеуі құбылыстардың пайда болуы мен дамуы, бақылаушы құбылыстардың сырттан, идеологиялық құралдар арқылы басқаруы жатады.

Бұқаралық сананы қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдары төмендегі рөлді атқарады:

1.Бейнелер мен идеяларды құру: Яғни, БАҚ ақпарат тақырыбын таңдау оны оқырманға ұсынудың әр түрлі тәсілдері арқылы қоғамда болып жатқан оқиғалар, адамдар, түрлі топтар туралы белгілі бір пікірді қалыптастыруға әсер етеді;

2.Стереотиптерді күшейту:Бұқаралық ақпарат құралдары белгілі бір аспектілерге назар аударып, олар туралы қайта жазу немесе жариялау арқылы қоғамда бар стереотиптерді күшейте алады;

3.Стереотиптерді өзгерту:БАҚ жаңа ақпараттарды ұсыну, мысал келтіру арқылы стереотиптердің өзгеруіне ықпал етеді;

4.Әлеуметтік-мәдени әсері:Ақпарат құралдары қоғамдық пікірге әсер ете алатыны бәрімізге белгілі. Сонымен қоса, жарияланған ақпарат мәдени норма мен әлеуметтік құндылықтардың бір бөлігін құрайды;

5.Қайталау және сендіру: Әлеуметтік желілер, газеттер мен журналдар, телевидение немесе сайт желісінде ақпаратта қайта сала беру ол адамдардың осы ақпараттың дұрыстығына сенуге әсер етеді.

БАҚ-тың бұқаралық санаға әсер етуі жөнінде айтқанда, алдымен бұқаралық ақпарат құралдарының ақпаратты таратуда санада стереотиптерді қалыптастыру мақсатында жеке адамның және көпшіліктің психикасына бағытталғанын түсінуіміз қажет. БАҚ сананың негізгі манипуляторларының бірі.

Бүгінгі таңда көпшілік санаға әсер етудің түрлі механизмдері бар. Жеке адамға немесе бұқара санасына психологиялық тұрғыда әсер ету кезінде әр түрлі ресурстар барын ескеру қажет. Оған: билік, қаржы, материалдық мүмкіндіктер, қоғамдағы белсенді және қолдаушы топтардың қатысуы, ғылым және өнер қайраткерлері, баспа бұқаралық құралдары, газет-журналдар, телевидение, сайттар мен әлеуметтік желілер кіреді.

Манипуляция әдістеріне белгілі бір мәселелерге халықтың назарын аударту жатады. Бұл әдісті қолдану кезінде теледидар, интернет, газет-журнал, ақпараттық сайттар мен порталдар жатады. Ал зейінді аударту әдісіне халықты ауыр әлеуметтік – экономикалық мәселесінен алшақтау қажет болған кезде қолданылады. Бұл әдістерді біріктіретін ортақ нәрсе - шындықты бұрмалау. Бұған уақытқа, саяси экономикалық өзгерістерге қарамастан биліктегі элиталық топтарға, қоғамның барлық институттарына тікелей қызығушылық таныту жатады.

Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының стереотиптердің қалыптасуына әсері халықтың БАҚ өкілдеріне деген сеніміне байланысты туындайды. Қоғамдық пікірді тұтынушылар мемлекеттік және мемлекеттік емес БАҚ өкілдеріне оқиды.

Бұқаралық ақпарат құралдары адамдардың санасына мінез-құлық стандарттарын, әлеуметтік мифтер, политикалық иллюзиялар, белсенді түрде енгізеді. «Әлеуметтік стереотип» ұғымын алғаш рет У.Липпман «Қоғамдық пікір» кітабында қолданған. Бұл

тұжырымдама одан әрі жетіліп, бұқаралық санаың жаңа үгіт-насихат теориясының негізіне айналды. У.Липпман бұқаралық сананы сондай-ақ, қоғамдық пікір мен бұқаралық сананы қалыптастыруда *баспасөздің* рөлін атап көрсетті. Стереотип әлеуметтік көзқарасты қалыптастырып, бұқаралық сананы басқарудың негізгі әдістері қатарына кіреді. Қазіргі күні қоғамда гендерлік, рухани-адамгершілік және этникалық стереотиптер бар. Адамдардың өмірлік құндылықтарын қалыптастыруда стереотиптер оң немесе теріс рөл атақарады.

Ақпарат құралдарында таратылған хабарламалар, бейнелер арқылы қарапайым түсініктер стереотиптер қалыптасады. Бірақ, стереотиптер құбылыстар мен заттардың үстінгі көрнісі туралы ғана ақпарат берсе ол жалған болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, БАҚ-тағы медиамәтіннің адам санасына әсер етудегі ықпалы зор. Ол маңызды рөл атқарып санаға айтарлықтай әсерін тигізеді. Стереотиптердің түрлеріне байланысты ол әлеуметтік топтар мен олардың өкілдеріне нақты әсер етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Стереотип дегеніміз не? <https://www.nur.kz/family/self-realization/1994634-stereotypy-chto-eto-kakie-vidy-byvayut-i-kak-ih-razrushat/>
2. Роль средств массовой информации в формировании стереотипов массового сознания <rol-sredstv-massovoy-informatsii-v-formirovanii-stereotipov-massovogo-soznaniya.pdf>
3. *Акопян Н.А СМИ как фактор формирования стереотипов в молодежной среде Майкоп, 2010 24 с*
4. *Средства массовой информации как средство формирования стереотипов в обществе*
5. <https://moluch.ru/archive/202/49668/>

## ЗАМАНАУИ МЕДИАМӘТІНДЕРДЕГІ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ АТТРАКТИВТІ ӘДІСПЕН БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

*Утепбаева Саян Тельманқызы, журналистика мамандығының I курс магистранты, П.Чужинев атындағы экономика және құқық институты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті*

*Мақалада журналистік медиамәтін тақырыбын тартымды етіп құру және ұсыну жайлы айтылған. Мақаланың тартымдылығын арттыратын аттрактивті технологиясы жайлы оның ішінде кликбейт әдісі және оның түрлері жайлы қарастырылған. Негізгі басымдық сандық ақпаратта аттрактивті әдіс арқылы оқырманның назарын аудару, мақаланы толық ашып көру, назарын ұстап тұру сынды мәселелерге берілген.*

Тартымды тақырыпты құру және тиімді медиамәтін жасау – сандық журналистика мәселелерінің негізгісі болып табылды. Әр жыл сайын жаңалық көздері арасындағы оқырман назарын аудару бәсекелестігі өсуде.

Қазіргі таңда сандық журналистикада ақпараттың көп болуына байланысты оқырмандар мақаланы соңына дейін оқымайды, оны тек көзбен сканерлейді. Оқырманның мақаланы оқуы үшін тақырыптардың тартымды болуы керектігі анық. Тек оқырманды қызықтыратын, я болмаса белгілі бір әдістермен берілген тақырыптар ғана тартымды болмақ. Мақаламызда медиаконтент тақырыбын тартымды ететін әдістердің бірі – аттрактивті әдіс сөз болмақ.

Лингвистикалық аттрактивтілік мағынасында тілдік объектінің тартымды, тиісті, орынды сөздермен құрастырылып, аудиторияның назарын жоғарылату болып табылады. Бұл жағдайда зейіннің артуы эмоционалды тарту немесе қызығушылық ретінде ұсынылады және тартымдылық екі жақты сипатқа ие болады. Бір жағынан, бұл кез келген өзара әрекеттестіктің қажетті шарты, өйткені талқыланатын мағыналар оның қатысушылары үшін маңызды болмаса, қатынас болуы мүмкін емес. Екінші жағынан, тартымдылық табысты өзара әрекеттесудің салдары болып табылады, өйткені ол тұлғааралық және кеңірек айтқанда, мәдениетаралық өзара әрекеттесу үшін жаңа перспективаларды ашады [1].

XXI ғасырдың басында асыра сілтеушілікпен берілген және контентке сәйкес келе бермейтін тақырыптар аудиторияның қысқа мерзімге назарын аударудың қарапайым әдісі болды. Бұл әдісті әсіресе таблоидтық баспасөздің редакторлары, сондай-ақ жарнама жазушылары пайдаланады. Бірақ бірте-бірте жағдай өзгерді және ұқсас тақырыптар әлдеқайда кең тарады.

Егер бұрын аттрактивті әдістер қарабайыр болып, клишелер жиынтығына негізделген тақырыптар жиі аудиторияда жағымсыз реакция тудырса, қазір мойындау керек, аталмыш технология уақыт өте дами түсті. Ол енді назар аудару үшін дөрекі әдістерді қолданбайды және соншалықты қатты аудиторияны тітіркендірмейді, бірақ сонымен бірге өзінің негізгі қасиетін сақтайды – әлі де көптеген адресаттардың назарын аударады.

Аудитория үшін күрес БАҚ тарихының барлық кезеңдерінде болды

және назар аударудың оңтайлы жолын іздестірумен келді: мысалы, XIX ғасырда баспа басылымдарында сенсация жасау үшін әртүрлі әдістерді қолданды, XX ғасырда – телевизиялық БАҚ-та экспрессивті құралдары болды. Бірақ материалды ұсыну әдісі бұрын-соңды қазіргідей маңызды рөл атқарған жоқ. Желілік БАҚ-та аттрактивті әдістерді пайдалану XXI ғасырдың екінші онжылдығындағы негізгі медиатренд болып табылады [2].

Назар аудару әдістерін қолданудың танымалдылығының артуы БАҚ-тың барлық дәстүрлі түрлерінің бір бәсекелестікке яғни интернет-платформаға ауысуына байланысты болды. Радиостанциялар өздерінің эфирлерінің жазбаларын подкасттар, телеарналар-бейне

бағдарламалар немесе олардан үзінділер түрінде жариялады, баспа БАҚ сайтта мақалаларды қайталады. Сонымен қатар, олардың барлығы дәстүрлі БАҚ-та өздерінің жаңалықтарын әлеуметтік желілер мен сайттар арқылы анонс жасап шығарады. Дәстүрлі БАҚ тек электронды форматта болатын желілік аудиториялармен және кәсіби блогерлермен сондай-ақ контент шығаратын қарапайым пайдаланушылармен бәсекеге түсуі керек.

Лингвистикалық аттракция – медиатекстің диалогқа бейімділігіне сүйенеді. Егер хабарламаның мағынасы немесе оны беру қызығушылықты тудырса, онда ақпаратты тұтынушы коммуникацияның сөзсіз тәсілін - кликті пайдалана отырып, диалогқа түседі. Егер кілт бойынша материал аттрактивті болса, онда ақпаратты тұтынушы материалдың астына немесе әлеуметтік желілерге түсініктеме қалдырып, вербалды коммуникацияға көшу мүмкіндігі пайда болады. Ол сондай-ақ өз жазылушылар аудиториясымен немесе таныстарымен мәтінді бөлісе алады, бұл да БАҚ үшін табыстың жолы және міндеттің ең жоғары деңгейде орындалуы болады. Минималды міндет адресаттарды тақырып арқылы қызықтырып, жаңалықтар агрегаторы алгоритміндегі кликабельділік (аттрактивтілікке тең) көрсеткішін арттыру және аудиторияны басылым бетіне келтіру болып табылады [3].

Хабарламаның тартымдылығын арттыруға көмектесетін құралдар: мысалы, жинақталып берілген тақырыптар: «Топ алдында сөйлеудің ұтымды әдістері» дегеннен гөрі «Топ алдында ұтымды сөйлеудің 5 тәсілі» деп берген қызықтырақ, бағалық сын есімдер, бейтарап сын есімдер, белгілі бір контекстерде неғұрлым эмативті мәнге ие, сондай-ақ өзге де сөз таптарының стильдік боялған сөздері, метафоралармен берілген тақырыптар, антропонимдер, оң және теріс коннотациямен берілген лексика.

Жақында пайда болған танымалдылығына қарамастан, кликбейтті түбегейлі жаңа трендтер қатарына жатқызу дұрыс болмас. Оның прототипі – сары баспасөз тақырыптары. Журналистиканың бұл түрі газеттердің таралуына, олардың таралымының артуына ықпал етеді. Бүгінгі кликбейт-тақырыптар бетті толық көру, оқу санының көбеюіне септігін тигізеді. Газет баспагерлері жүргінші оқырмандарды тарту үшін бірінші жолақтарда айқайлаған тақырыптар жариялайды. Кликбейт технологиясын радиодан немесе теледидардан да кездестіруге болады, бірақ әрине, клик болмайды. Мысалы, «Жарнамадан кейін не болатынына сенбессіз..., арнамыздан алыстамаңыз»-деген сынды тәсілдер арқылы аудитория жарнаманы қарап, жалғасын күтуі үшін ақпараттық жем тасталады.

